

Бекітілген

Ғылыми кеңес мәжілісінде

№ 10 хаттама

30 сәуір 2025 жыл

Құрманғазы ат. ҚҰК ҒК

Төрағасы  Г. Тасбергенова



**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының
2025-2026 оқу жылы түлектеріне берілетін біліктілік тізімдері (бакалавриат)**

№	Білім беру бағдарламасы (мамандандыру)	Біліктілік
1	Фортепиано	1. Жеке орындаушы, оқытушы, концертмейстер
		2. Концерттік орындаушы, оқытушы, концертмейстер
		3. Ансамбль солисті, оқытушы, концертмейстер
	Minor «Орган»	4. Органда орындаушы
2	Аспаптық орындау (Ішекті аспаптар)	1. Жеке орындаушы, ансамбль және оркестр артисі, оқытушы.
		2. Концерттік орындаушы, ансамбль және оркестр артисі, оқытушы
		3. Ансамбль және оркестр артисі, оқытушы
	Minor "Байланысты құралдар (альт, контрабас)"	1. Альт орындаушы
		2. Контрабас орындаушы
3.	Аспаптық орындау (Классикалық гитара)	1. Жеке орындаушы, ансамбль артисі, оқытушы.
		2. Концерттік орындаушы, ансамбль артисі, оқытушы
		3. Ансамбль артисі, оқытушы
4.	Аспаптық орындау (Үрмелі және соқпалы аспаптар)	1. Жеке орындаушы, ансамбль және оркестр артисі, оқытушы.
		2. Концерттік орындаушы, ансамбль және оркестр артисі, оқытушы
		3. Ансамбль және оркестр артисі, оқытушы
	Minor «Үрмелі аспаптар оркестрінің дирижері»	1. Үрмелі аспаптар оркестрінің дирижері
5.	Дәстүрлі музыка өнері (халық аспаптары: Домбыра)	1. Жеке орындаушы, оркестр артисі, оқытушы
		2. Концерттік орындаушы, оркестр артисі, оқытушы
		3. Оркестр артисі, оқытушы
	Minor «Халық оркестрінің дирижері»	1. Халық оркестрінің дирижері,
		2. Сыбызғы орындаушы;
		3. Сазсырнай орындаушы;
		4. Жетіген орындаушы.
6.	Дәстүрлі музыка өнері (халық аспаптары: Кобыз/баян)	1. Жеке орындаушы, оркестр артисі, оқытушы
		2. Концерттік орындаушы, оркестр артисі, оқытушы
		3. Оркестр артисі, оқытушы
	Minor «Халық оркестрінің дирижері»	1. Халық оркестрінің дирижері,
7.	Халық әні	1. Әнші, оқытушы,
	Minor «Домбра»	1. Домбыра орындаушы.
8.	Вокалдық өнер	1. Опера әншісі, оқытушы

		2.Концерттік камералық әнші, оқытушы
	Minor «Музыкалық театр актері»	1. Музыкалық театр актері
9.	Хорды дирижерлау	1. Хор дирижеры, оқытушы
	Minor «Вокалистер мен хор дирижерлеріне арналған сольфеджист – оқытушысы»	1. Вокалистер мен хор дирижерлеріне арналған сольфеджист - оқытушысы
10.	Оркестрді дирижерлау	1. Опера-симфониялық оркестрінің дирижері, оқытушы.
11.	Музыкатану	1.Музыкатанушы, оқытушы.
	Minor «Музыкалық сыншы және журналист».	1. Музыкалық сыншы және журналист
12.	Композиция	1.Композитор, оқытушы;
	Minor «Цифрлық композиция»	1.Цифрлық композициялардың авторы
13	Педагогика және психология	1.Музыкалық білім берудегі педагог-психолог
14	Музыкалық білім	1.Музыка мұғалімі, қосымша білім беру педагогы
15	Арт-менеджмент	1. Музыкалық жоба менеджері
	Minor «Концерттік - жобалық менеджмент»/Аудиовизуалды сала менеджменті.;	1.Концерттік - жобалық менеджмент 2.Аудиовизуалды сала менеджменті

Ескерту:

1. «Солист», «Концерттік орындаушы» (вокалист, аспапшы) түлектері үшін біліктілік беруге үміткерлерге қойылатын кәсіби талаптар:

1) музыкалық шығармамен өз бетінше жұмыс істей білу және концерттік орындауда әр түрлі стильдегі, жанрдағы шығармаларды жоғары көркемдік интерпретациялау; орындалатын шығармадағы техникалық қиындықтарды өз бетінше жеңе білу;

2) композитордың ойына сәйкес музыкалық шығарманың көркемдік бейнесін жасай білу;

3) музыкалық шығармаларды жеке және ансамбльде мағыналы мәнерлеп орындау арқылы музыканың көркемдік мазмұнын тыңдаушыларға жеткізе білу;

4) музыкалық шығарманың орындаушылық жоспарын, музыкалық шығарманың өзіндік жеке тұжырымдамасын жасай білу;

5) композиторлық стильдердің ерекшеліктерін білу және алған білімдерін музыкалық мәтінді орындау барысында қолдана білу;

6) әр түрлі жанрдағы, стильдегі, дәуірдегі шығармалардан тұратын жеке концерттік бағдарламаны (мемлекеттік емтихан бағдарламасынан басқа) көпшілік алдында орындау;

7) концерттік репертуармен өз бетінше жұмыс жүргізе білу.

2. «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасы бойынша «Солист» біліктілігін беру үшін үміткер келесі біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

1) халықаралық конкурстардың лауреаты атағымен (Гран-при, екі немесе үш деңгейлі конкурстардың 1, 2-орындары);

2) вокалдық даярлықтың жоғары кәсіби деңгейімен;

3) мамандық бойынша "өте жақсы" деген бағаға ие болуға және оқу жоспарының барлық пәндері бойынша оқу бағдарламасын табысты меңгеруге міндетті;

4) сахналық әртістікке ие болу;

5) көпшілік алдында жеке өнер көрсету (консерваторияда оқыған уақытында 2-3 жеке концерт орындау), оның ішінде камералық, симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен тәжірибе жинақтауға міндетті;

6) вокалдық орындау саласындағы әр түрлі қызмет түрлеріне дайындығын көрсете білу және өз білімі мен іскерлігін солист, концерттік бағдарламаларды орындаушы ретінде іс жүзінде қолдана білу;

7) мінсіз орындау техникасын меңгеру;
 8) жоғары интеллект, кең көзқарас;
 9) ұзақтығы 1-2 сағат болатын жеке концерттерді орындауға мүмкіндік беретін ауқымды репертуарды меңгеру;

10) мемлекеттік емтиханда күрделі бағдарламаны орындауға міндетті. Бағдарламаның күрделілік деңгейін мамандық бойынша оқытушы және шығарушы кафедра анықтайды.

3. «Аспаптық орындаушылық», «Дәстүрлі музыкалық өнер» білім беру бағдарламалары бойынша «концерттік орындаушы» біліктілігін беру үшін үміткер келесі біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

1) Халықаралық конкурс лауреаты атағымен (екі немесе үш түрлі конкурс);
 2) барлық пәндер бойынша үздік үлгерімі болуы тиіс;
 3) аспаптық орындау саласындағы әр түрлі қызмет түрлеріне дайындығын көрсете білу және концерттік бағдарламаларды орындаушы ретінде өз білімі мен дағдыларын іс жүзінде қолдана білу;

4) әр түрлі сахналық аландарда әр түрлі құрамдарда (соло, ансамбльде, оркестрмен соло, оркестрде соло) музыкалық шығармаларды орындауды қоса алғанда, көпшілік алдында жеке өнер көрсету (консерваторияда оқу уақытында 2-3 жеке концерт орындау) тәжірибесінің болуы;

5) ұзақтығы 1-2 сағат болатын жеке концерттерді ойнауға мүмкіндік беретін, музыкалық шығармаларды сенімді, жарқын, әртістік, асқан шеберлікпен орындай отырып, ауқымды репертуарды меңгеру;

6) консерваторияның шығармашылық және қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысу (кафедралық және жалпы ЖОО концерттерінде түрлі шығармаларды орындау);

7) мемлекеттік емтиханда күрделі бағдарламаны орындауға міндетті. Бағдарламаның күрделілік деңгейін мамандық бойынша оқытушы және шығарушы кафедра анықтайды.

4. «Солист», «Концерттік орындаушы» біліктілігін иеленуге үміткерлер тиіс:

1) концерттік ұйымдар мен білім беру мекемелеріндегі жұмыс жағдайларына бейімделе білу;

2) қойылған міндетті жүзеге асыру үшін өзінің шығармашылық әлеуетін тиімді пайдалануға міндетті.

Негізі: Құрманғазы атындағы ҚҰК -ның ««Солист», «Концерттік орындаушы» біліктілігін беру» туралы Ережесі 2020 ж. 30 қазаннан.

ЕНГІЗІЛДІ: Академиялық мәселелер жөніндегі проректор « <u>30</u> » <u>сәуір</u> <u>2025</u> жыл <u>Әбдірахман</u>	КЕЛІСІЛДІ: Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректордың м.а. <u>А. Нусупова</u>
	Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы <u>Н. Ертаева</u>
	Вокал және дирижерлау факультетінің деканы <u>А. Бултбаева</u>
	Аспаптық орындаушылық факультетінің деканы <u>А. Бекенова</u>
	Музыкатану, арт-менеджмент және ӘГП факультетінің деканы <u>Г. Мусагулова</u>
	Халық музыкасы факультетінің деканы <u>Г. Ғабдрахимова</u>